

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)\_\_\_\_\_

Топ: мектепалды топ

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы.

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты</b>
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"><li>- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;</li><li>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;</li><li>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;</li><li>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;</li><li>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.</li></ul> <p><b>Негізгі қимылдар.</b></p>

**Жүру:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Таныс дene жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

**Жалпы дамытушы жаттығулар.**

**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.** Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.

**Спорттық жаттығулар.**

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортын айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

**Велосипед, самокат тебу.** Шеңбер бойымен және тұра жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Онға және солға бұрылу.

**Жүзу.** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің

денгейінде созылған). Иек, көз денгейіне дейін судың ішінде отыру, суга бетін малу, суга үрлеу; суда жұзу.

**Судағы аэробика.** Бұрылыштар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

**Спорттық ойындар.**

**Баскетбол элементтері.** Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты он және сол қолмен алып жүргүре жаттықтыру.

**Қимылды ойындар.**

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.

Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, үйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын

	<p>жетілдіру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дene бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуғе, өз пікірін айтуда үйрету;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</li> <li>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</li> <li>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</li> </ul> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз білдірілген дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Балалардың сөздік қорын түрмистық заттарды білдіретін зат есімдермен,</p>

	<p>заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың енбекке қатынасын білдіретін ұстеулермен байту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тындалап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстая, әдепті және сабырлы болу.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және сонын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегендеге бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</li> <li>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</li> <li>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</li> </ul>

	<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.</p> <p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертеңі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
Саят ашу негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- саят ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуга дайындау;</li> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету;</li> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.</li> </ul> <p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету;</li> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</li> <li>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым түжірымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.</li> </ul>

### **Тілдік дамытушы орта.**

Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.

### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).

### **Сөздік қор.**

Тұыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «тұысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, тұystары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.

### **Тілдің грамматикалық құрылымы**

Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

### **Байланыстырып сөйлеу.**

Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқияттыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге

		баулу.
	Математика негіздері	<p>- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;</p> <p>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;</p> <p>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауга баулу;</p> <p>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.</p> <p><b>Жиын.</b></p> <p>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p><b>Сан және санау.</b></p> <p>10 көлеміндегі сандарды тұра және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 дең 9 дейінгі цифмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p>

	<p><b>Шама.</b></p> <p>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b></p> <p>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыраты білуге жаттықтыру.</p> <p><b>Кеңістік бағдарлау.</b></p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, он жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан он жаққа, он жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парагын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b></p> <p>Әртүрлі оқигалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға

баулу;

- дербестікке тәрбиелеу;
- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;
- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырылыш сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;
- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстая.

### **Бала, оның отбасы, үйі.**

Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте окуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.

### **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.**

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

### **Көлік, байланыс құралдары.**

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін

	<p>олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b></p> <p>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.</p> <p><b>Жол қозғалысы ережелері.</b></p> <p>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жұру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p>
Құрастыру	- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін

	<p>қалыптастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</li> <li>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</li> <li>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</li> <li>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;</li> <li>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p>Құрылыш материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p>Құрастырылған құрылышы мен құрылыштың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;</li> <li>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</li> <li>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</li> <li>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;</li> <li>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы қеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.</p>
Мұсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;</li> <li>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық түрғыдан қабылдауын дамыту;</li> <li>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</li> <li>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</li> <li>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;</li> <li>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p>Сазбалышық, ермексаз және пластикалық массадан мұсіндеудің ерекшеліктерін білу.</p> <p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мұсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың</p>

		пішіндерін мұсіндеу.
Жапсыру		<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;</li> <li>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауды дамыту;</li> <li>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлерін туралы түсінігін қалыптастыру;</li> <li>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</li> <li>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;</li> <li>- балалардың түрлі әрекеттеріндегі қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p>Қайшины қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қиу арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қып алу.</p>
Музыка		<ul style="list-style-type: none"> <li>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</li> </ul> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-</p>

күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музикалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айтуды.

**Ән айту.**

Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.

**Музикалық-ырғақтық қимылдар.**

Музиканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүргүмен; музиканың қымыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

**Билер.**

Музикаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музикалық фразаларға сәйкес өзгерту.

**Би шығармашылығы.**

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музиканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.